

Ғасырлар арманының жетісі!

№49-50 (20 915)

11 желтоқсан,
2025 жыл, бейсенбі



Атырау

Облыстық қоғамдық-саяси газет

- @ Atyrau.gazeti
- atyrau_gazeti@mail.ru
- Атырау газеті
- www.atr.kz
- «Атырау» газеті
- atyrau_gazeti
- Atyrau_news
- Атырау жаңалықтары



Тәуелсіздік күні

ЕГЕМЕН ЕЛ БОЛУДАН АРТЫҚ БАҚЫТ ЖОҚ. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН САН САЛАДА АЙТАРЛЫҚТАЙ ЖЕТІСТІКТЕРГЕ ЖЕТТІ: ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ІСКЕ ҚОСЫЛЫП, ЭКОНОМИКА ТҰРАҚТАНДЫРЫЛДЫ, ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ КӨТЕРІЛДІ. МЕМЛЕКЕТ САЯСИ ЖАҢАРУ ЖОЛЫНА ТҮСП, МЕМЛЕКЕТТІК ИНСТИТУТТАР ҚҰРЫЛДЫ, ШЕКАРАЛАР АЙҚЫНДАЛЫП, ЕЛ ТҰТАСТЫҒЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛДІ. ҚАЗАҚСТАН ӘЛЕМДЕ ЯДРОЛЫҚ ҚАРУДАН ЕРИКТІ ТҮРДЕ БАС ТАРТҚАН, ЖАҢА АСТАНАСЫН САЛҒАН ТҰҢҒЫШ МЕМЛЕКЕТ АТАНДЫ. ТӘУЕЛСІЗ ДАМУ ЖОЛЫНДА ЕЛІМІЗ ӘЛЕМДІК АРЕНАДА ӨЗ ОРНЫН НЫҒАЙТЫП, АТА-БАБАМЫЗДЫҢ ҒАСЫРЛАР БОЙҒЫ АРМАНЫ ОРЫНДАЛДЫ. БҰЛ ЖЕТІСТІКТЕРДЕ АЙМАҚТАР, ОНЫҢ ІШІНДЕ АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ДА ҮЛЕСІ ЗОР.

(Толығырақ 6, 9, 10, 14-беттерде)

*Білім

«Ақ шағаладағы»

Жайық мектебі

АТЫРАУ ҚАЛАСЫНЫҢ «АҚ ШАҒАЛА» ШАҒЫНАУДАНЫНДА «ЖАЙЫҚ» VINOM SCHOOL МЕКТЕБІ АШЫЛАДЫ.

Жаңа оқу орнында екі ауысымда 4 мың оқушы оқытылады. Оқыту бағдарламасы халықаралық тәжірибе негізінде әзірленіп, отандық білім беру моделіне сәйкес жүзеге асырылады. Сабақтардың 80%-ы қазақ тілінде, 20%-ы орыс тілінде жүргізіледі.

— Құрылысы аяқталған мектепті осы жылдың 25 желтоқсанында қабылдау жоспарланған. Оқу процесі 8 қаңтарда толыққанды басталады. Қазір мектепке оқушылар мен мұғалімдерді қабылдау жүргізілуде. Бүгінге дейін 500-ден астам оқушы мектепке қабылдау үшін өтініш білдірген, - деді облыстық білім беру басқармасының басшысы Марат Әбуов.

Мектеп кітапханасында 10 мыңнан астам кітап жинақталған. Мұғалімдер екі кезеңдік конкурс арқылы іріктелген тәжірибелі педагогтардан тұрады. Мұнда инклюзивті білім беру қарастырылған, сондай-ақ оқушылардың шығармашылық және зерттеу жобаларын жүзеге асыруға барлық мүмкіндік жасалып отыр.

Өз тілшіміз



Коллажшы жасаған Дархан Мұхамбеталиев

*Құрылыс

Атыраудағы ауқымды құрылыс



АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДА 100-ДЕН АСТАМ ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАННЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРІП ЖАТЫР.

Аймақта 27 жаңа мектеп, 30-ға жуық медициналық нысан және 27 спорт кешені салынбақ. Сонымен қатар үш өнер мектебінің құрылысы жүргізілуде.

— Қазір 5550 орындық 27 мектептің құрылыс-монтаж жұмыстары және бірнеше балабақшаның құрылысы жүрде. Медициналық нысандар қатарында аудандық ауруханаға жапсаржай салу және дәрігерлік амбулаториялар мен фельдшерлік пункттер бар. Бұдан бөлек спорт кешендері, мәдениет үйлері, ауылдық жерлердегі инфрақұрылым нысандары бой көтеруде. Барлық жобалар 2025-2026 жылдары кезек-кезеңімен пайдалануға беріліп, өңір халқының өмір сапасын жақсартуға бағытталған, - деді облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының бөлім басшысы Дархан Тілепберген.

Биыл облыста 753,9 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланған. Сонымен қатар ірі жобалардың бірі – 12 мың орындық концерт залы мен тарихи-өлкетану мұражайының құрылысы басталды. Екі өрт сөндіру депосы, үш ішкі істер ғимараты және бес шекара бөлмешесінің қоршауларына қатысты да жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр.

Бек АЙДАРӘЛІ



Құрметті Атырау облысының тұрғындары мен қонақтары!

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының тарихындағы айтулы, әрі салтанатты күн. Бұл күні бірнеше жыл бойы тұтас халықтың тағдырын өзгерткен, қазіргі заманғы және егеменді Қазақстанның келбетін айқындаған оқиғалар орын алды. «Теңішевройл» ЖШС ұжымының атынан еліміздің барлық тұрғындарын Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен құттықтаймыз!

Біздің компания да тәуелсіз Қазақстанның төл перзенті болып табылады. 1993 жылы құрылған күннен бастап ТШО ел экономикасының дамуына белсенді үлес қосып келеді. Компания маңызды жобаларды жүзеге асырып, жергілікті тауарлар мен қызметтерге инвестиция салып, әлеуметтік нысандардың құрылысын қолдап, өңірдің тұрақты дамуына бағытталған жаңа бастамаларды енгізуде.

2025 жылы Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы аясында ТШО Атырау облысында денсаулық сақтау, білім беру және азаматтық қоғамды дамытуға бағытталған 20 әлеуметтік жобаға қаржылық қолдау көрсетті. Біз ТШО-ның қосқан үлесі Қазақстан мен өңірдің одан әрі гүлденуіне ықпал етеді деп сенеміз.

Тәуелсіздік күні құтты болсын! Сіздерге және жақындарыңызға бақыт, амандық және зор денсаулық тілейміз!

Уильям Лакоби,
«Теңішевройл» ЖШС
Бас директоры

Қуанышкерей Мұхтаров,
«Теңішевройл» ЖШС
Бас директорының орынбасары

*Денсаулық

Жаңа зертхананың артықшылығы неде?

Облыстық перинаталдық орталығында FISH-микроскоппен жабықталған цитогенетикалық зертханасы іске қосылды. Осыған дейін Даун, Патау, Эдвардс, Тернер және Клайнфельтер синдромдары сияқты кең таралған хромосомалық аномалиялар жүктіліктің 20-сынышы аптасында анықталса, енді оларды жоғары дәлдікпен 12 аптада анықтауға болады.

Заманауи зертхананы жабықтау «Бір күн клиникасы» жобасы аясында іске асырылған. — Атырау облыстық перинаталдық орталығында жүзеге асып жатқан «Бір күн клиникасында» FMF, ISNS, CDC халықаралық стандарттары бойынша сертификатталған генетик және сараптамалық УДЗ дәрігерлері жұмыс істейді. Жаңа микроскоп хромосомалардың санын ғана емес, олардың құрылымы мен өзгерістерін анықтайды. Бұрын көрші облыстарға жіберіп қорытындысын алсақ, қазір өзімізде анықтауға мүмкіндік туды. Біз көрші облыстың пациенттерін де қабылдай аламыз, - деді облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Қайсар Абдалиев.

Санжар АЗАМАТ

Атырау қаласы мәслихатының хабарламасы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 3-тармағына сәйкес, мәслихаттың кезекті XXXIV-сессиясы шақырылады.

Отетін уақыты: 2025 жылғы желтоқсан айының 18-і, сағат 15.00-де.

Отетін орны: Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі 77а, кіші мәжіліс залы.

Сессияның қарауына келесі мәселелер енгізіледі:

1. Атырау қаласының кейбір құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау туралы;
2. Дамбы, Қайыршақты және Еркінқала ауылдық округтерінің

кейбір құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау туралы;

3. Атырау қалалық мемлекеттік Кірістер басқармасының 2024 және 2025 жылдың 6 айы бойынша атқарған жұмыстарының қорытындысы туралы;

4. 2026-2028 жылдарға арналған қала бюджеті туралы

5. 2025-2027 жылдарға арналған қала бюджетін нақтылау туралы;

6. Қалаға қарасты ауылдық округтердің 2025-2027 жылдарға арналған бюджетін нақтылау туралы;

7. Атырау қаласының 2026-2030 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы;

Атырау қаласының мәслихаты

Өрт қауіпсіздігін сақтау – өмір қауіпсіздігі

Бүгінде автокөліктерге сұйытылған мұнай газын орнату кең таралған. Алайда газ жабдықтарын дұрыс пайдаланбау немесе уақытында тексеруден өткізбеу өрт пен жарылыс қаупін тудыруы мүмкін. Осыған байланысты Атырау қаласы Төтенше жағдайлар басқармасы автокөлік жүргізушілерін газ баллондарын қолдану кезіндегі қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауға шақырады.



шақыру қажет.

Төтенше жағдайлар қызметкерлері тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізіп келеді. Мамандардың айтуынша, қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау арқылы көптеген төтенше жағдайдың алдын алуға болады.

Өз қауіпсіздігіңіз – өз қолыңызда. Газ баллоны – ыңғайлы, бірақ ерекше бақылауды талап ететін құрылғы екенін ұмытпаған жөн.

Атырау қаласы Төтенше жағдайлар басқармасы



«ҚР Ұлттық Банкі» РММ Атырау филиалы

№10 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2025 жылғы 11 қараша

Облыстың қаржы нарығының 2025 жылғы 1 қазандағы жағдайы

Облыстың банк секторы. 2025 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша облыс аумағында екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі – ЕДБ) 14 филиалы, 42 бөлімшесі, 58 айырбастау пункті жұмыс істеді.

Облыстың несие нарығы. 2025 жылғы қаңтар-қыркүйекте облыстың ЕДБ филиалдарымен 803,6 млрд теңге сомасына несие берілді, бұл 2024 жылғы сәйкес кезеңге қарағанда 17,2%-ға көп. Заңды тұлғаларға несие беру 14,1%-ға 222,1 млрд теңгеге дейін көбейді, ал жеке тұлғаларға – 18,4%-ға 581,5 млрд теңгеге дейін.

2025 жылғы қаңтар-қыркүйекте азаматтарға тұтыну мақсаттарына 436,2 млрд теңге берілді, бұл 2024 жылғы көрсеткіштен 18,0%-ға жоғары.

2025 жылғы 1 қазанға облыстағы банк филиалдарымен берілген несиелер бойынша берешектер 1 031,7 млрд теңгені құрады, 2024 жылғы 1 қазанмен салыстырғанда 19,6%-ға өскен. Жеке тұлғалардың берешектері 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 19,6%-ға көбейді және 867,1 млрд теңгені құрады, заңды тұлғалардікі – 19,8%-ға және 164,6 млрд теңге.

2025 жылғы 1 қазанға тұрғындарға тұтыну мақсаттарына берген несиелер бойынша берешектер 570,7 млрд теңгені құрады, 2024 жылдың сәйкес көрсеткішімен салыстырғанда 21,5%-ға өсті. Осы орайда жеке тұлғаларды несиелендірудің жалпы көлемінде тұтыну несиелерінің үлес салмағы 65,8%-ды құрайды.

2025 жылғы 1 қазанға несиелер бойынша мерзімі өткен берешектер көлемі 52,7 млрд теңгені құрады немесе ЕДБ филиалдарының несие портфелінің 5,1%-ы.

Облыстың депозит нарығы. 2025 жылғы 1 қазанға ЕДБ филиалдарындағы салымдар 2024 жылғы 1 қазанмен салыстырғанда 22,5%-ға көбейді және 905,1 млрд теңгеге жетті. Жеке тұлғалардың депозиттері 16,8%-ға өсті, заңды тұлғалардікі – 35,7%-ға.

2025 жылғы 1 қазанға ұлттық валютадағы салымдардың үлесі 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 76,4%-дан 76,6%-ға өсті, ал шетел валютасымен – 23,6%-дан 23,4%-ға кеміді.

Облыстың валюта нарығы. 2025 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын облыстың 82 айырбастау пункті жүзеге асырды, олардың 58 – уәкілетті банктердікі, 11 – «Қазпошта» АҚ филиалына және 13 – уәкілетті ұйымдардікі.

2025 жылғы қаңтар-қыркүйекте облыстың айырбастау пункттерімен халықтан 51,9 млн АҚШ доллары сатып алынды, бұл 2024 жылдың көрсеткішінен 6%-ға төмен. Сонымен қатар 2,9 млн еуро (11,8%-ға азайды), 1 596,4 млн ресей рублі (5,2%-ға өсті) сатып алынды.

Облыстың айырбастау пункттерімен 2025 жылғы қаңтар-қыркүйекте халыққа 169,8 млн АҚШ доллары сатылды, 2024 жылмен салыстырғанда 25,8%-ға кеміген. Бұдан басқа халыққа 7,7 млн еуро (23,5%-ға азайды), 1 671,1 млн ресей рублі (16,6%-ға кеміді) сатылды.

Төлем карточкаларын пайдалану. 2025 жылғы 1 қазанға айналымдағы төлем карточкаларының саны облыс бойынша 2 948,1 мың бірлікті құрады. Облыста 603 банкомат, 51 232 POS-терминал жұмыс жасайды.

2025 жылғы қаңтар-қыркүйекте төлем карточкаларын пайдалану арқылы қолма-қол ақшасыз төлемдер бойынша 3 343,9 млрд теңге сомасына (2024 жылмен салыстырғанда 10,7%-ға өсті) 318,8 млн транзакция (өсім 10,2%) жасалды.

2025 жылғы қаңтар-қыркүйекте карточкалық шоттан қолма-қол ақша алу бойынша 583,5 млрд теңге сомасына (2024 жылмен салыстырғанда 1,4%-ға кеміді) 5,7 млн транзакция (3,1%-ға кеміді) жасалды.

ЖЕКЕ ХАБАРЛАНДЫРУ

НОТАРИУС ХАБАРЛАЙДЫ

Атырау нотариаттық округінің нотариусы №15007793, ҚР ӨМ 27.04.2015 жылы берілген лицензиямен эрекет етуші Таспаев Бисенбай Избасович хабарлайды. 29.10.2025 жылғы қайтыс болған Шалауов Елесем Мырзагереевичтің атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, Мақат ауданы, Доссор кенті, Галия Сүлейменова көшесі, 100 үй, ұялы телефоны: 87027420470.

Атырау нотариаттық округінің нотариусы Зейнеденова Бақытгүл Мұқымқызы, 2025 жылдың 10 қараша айында қайтыс болған Имашев Азамат Гизатуллаевичтің мұралық ісі ашылғанын хабарлайды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, Сәтбаев көшесі, 56 үй, 4 кенсе. Жұмыс тел.: 20-42-03, ұялы тел.: 8701 420 75. Лицензия №0001984, 20.10.2004 жылы ҚР Өділет министрлігі берген.

23.10.2025 ж. қайтыс болған Дағистанов Отарбайды (25.07.1942 ж.т.) атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, 17 үй, 1/3 кенсе. Жұмыс телефоны: 87785229940. Нотариус Қызылова Эльмира Қанатқызы. Лицензия №13016173, 12.10.2013 ж. ҚР ӨМ

Жеке нотариус Калмуратова Айгерім Бақытбековна хабарлайды: 2025 жылы 16 шілдеде қайтыс болған Жумағалиев Нұрлыбек Умирзақовичтің атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, №45 Б үй, №6 тұрғын емес жай мекен-жайы бойынша орналасқан нотариалдық кенесіне хабарласулары сұралады. Анықтама тел.: 8778364542. Лицензия №16000309, 14.01.2016 ж. ҚР ӨМ

22.07.2013 жылы қайтыс болған Ақбаев Жұмакелдінің атына мұралық іс ашылды. Мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Миялы ауылы, Абай Құнанбаев көшесі №16 үй, «КАЗАКТЕЛЕКОМ» мекемесіне қарсы, телефон: 8/71/238/2-16-10. Атырау нотариалдық аймағының

нотариусы Галиев Бимырза Талғатович. Лицензия №0003448, 05.08.2011 жылы ҚР Өділет министрлігі Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті берген.

Атырау нотариалдық аймағының нотариусы А.К.Саркулова хабарлайды: 03.11.2025 жылы қайтыс болған Симонова Шолпан Тымбайқызының атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің мына мекен-жайдағы нотариустың кенесіне хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Махамбет ауданы, Махамбет ауылы, Абай көшесі №25 үй, тел: 8-71236-2-13-04, 87784822044. 23 шілде 2002 жылы берілген, лицензия №0001099.

Атырау нотариалдық аймағының нотариусы А.К.Саркулова хабарлайды: 21.10.2025 жылы қайтыс болған Мүслимова Мадина Мұғазованың атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің мына мекен-жайдағы нотариустың кенесіне хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Махамбет ауданы, Махамбет ауылы, Абай көшесі №25 үй, тел: 8-71236-2-13-04, 87784822044. 23 шілде 2002 жылы берілген, лицензия №0001099.

Атырау нотариалдық аймағының нотариусы А.К.Саркулова хабарлайды: 01.07.2025 жылы қайтыс болған Бисенғалиев Табылдың атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің мына мекен-жайдағы нотариустың кенесіне хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Махамбет ауданы, Махамбет ауылы, Абай көшесі №25 үй, тел: 8-71236-2-13-04, 87784822044. 23 шілде 2002 жылы берілген, лицензия №0001099.

Атырау нотариаттық округінің нотариусы №15007793, ҚР ӨМ, 27.04.2015 жылы берілген лицензиямен эрекет етуші Таспаев Бисенбай Избасович хабарлайды. 28.12.2019 жылы қайтыс болған Уразов Муханбетжанның атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор кенті, Галия Сүлейменова көшесі, 100 үй, байланыс телефоны: 87027420470.

Нотариус Зиналбаитов Мадениет Темирболатович

Мемлекеттік аудит тиімділігінің негізі – сапалы жоспарлау мен талдау

Қоғамдық ресурстарды тиімді басқару – кез келген мемлекеттің стратегиялық мақсаты. Бюджет қаражатының мақсатты және нәтижелі жұмсалынуы қамтамасыз етуде мемлекеттік аудиттің ролі ерекше. Алайда аудиттің нәтижелілігі тек тексеру барысындағы әрекеттерге емес, ең алдымен жоспарлау мен талдау сапасына байланысты. Сондықтан мемлекеттік аудит жүйесінде жоспарлау үрдісі мен алдын ала аналитикалық зерттеу – негізгі тірек элементтерінің бірі болып саналады.

Жоспарлау – аудиттің құрылымы мен бағытын айқындайтын бастапқы кезең. Ол арқылы аудит объектісі, тексерілетін тақырыптардың өзектілігі, тәуекел деңгейі, ресурстар мен уақыт шығындары анықталады. Сапалы жоспарлау:

- аудит мақсаттарын нақтылап, басымдықтарды белгілеуге;
- бюджет және мемлекеттік активтерге әсер ететін тәуекелдерді алдын ала анықтауға;
- аудиттің көлемін оңтайландыруға және ресурстарды тиімді бөлуге;

– қайталанатын тексерулерді болдырмауға мүмкіндік береді. Тәуекелдерді басқару қағидасына сүйенген жоспарлау процесі аудиттің стратегиялық сипатын күшейтіп, нәтижеге бағытталған бақылауға жол ашады.

Сонымен қатар, аудит саласындағы аналитикалық талдау да маңызды рөл атқарады. Аудитке дейінгі талдау – жоспарлаудың ажырамайтын бөлігі. Ол аудит объектісінің қызметін жан-жақты зерттеп, ықтимал проблемалық аймақтарды анықтауға көмектеседі.

Талдау барысында қаржылық және экономикалық көрсеткіштер сараланады, бұрынғы аудит қорытындылары қарастырылады, мемлекеттік бағдарламалардың орындалу тиімділігіне алдын ала бағалау жүргізіледі, нормативтік-құқықтық актілердегі өзгерістер ескеріледі.

Осылайша кешенді аналитика аудиттің мазмұнды әрі дәл болуына, нақты сурақтарға бағытталуына жағдай жасайды.

Мемлекеттік аудиттің нәтижелілігі оның нақты, объективті

және уақытылы ақпарат беру қабілетімен өлшенеді. Жоспарлау мен талдау тиімді жүргізілген жағдайда аудит объектілеріндегі бұзушылықтар мен тиімсіздіктер ертерек анықталады, аудитке кететін уақыт пен шығын қысқарады, мемлекеттік органдардың жауапкершілігі мен ашықтығы күшейеді.

Тиімді жоспарланған аудит мемлекеттік басқарудағы шешім қабылдау сапасын арттырып, бюджет саясатының айқындылығына ықпал етеді.

Жоспарлаудың жүйелілігі мен терең аналитикалық зерттеулер аудитті стратегиялық басқару құралына айналдырады. Сондықтан жоспарлау мен талдау мемлекеттік қаржыны тиімді басқарудың, ашықтықты қамтамасыз етудің және қоғамдық сенімді нығайтудың негізгі факторы болып табылады.

Әсем ҚАЙЫРҒАЛИЕВА,
Атырау облысы бойынша тексеру комиссиясының жоспарлау, талдау және есептілік бөлімінің басшысы

Ауыл шаруашылығы

Субсидия алатын субъектілерге талап жеңілдетілді

Жаңа жылдан бастап ауыл тұрғындарынан құрылған ауыл шаруашылығы кооперативтеріне мал шаруашылығы саласына субсидия алу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер талап етілмейді.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы №108 бұйрығымен бекітілген «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау» қағидаларына сәйкес, ауыл тұрғындарынан құрылған ауыл шаруашылығы кооперативтері төмендегі субсидия бағыттары бойынша қазынадан қайтарымсыз қаражат алуға құқылы. Және де бұл үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер талап етілмейді:

- Асыл тұқымды ірі қара мал, аталық кошкарлар, айғырлар, түйелер мен ешкінің аналық басын сатып алуға;
- Сныр сүтінің өндіру құнын арзандатуға;
- Бордақылау алаңдарына бордақылаудан өткізуге немесе ет өңдеу кәсіпорындарына тапсырылған ірі қара мен ұсақ малдың еркек дарактарының (оның ішінде сүтті және сүтті-етті бағыттағы) құнын арзандатуға;
- Мал басын асылдандыру үшін сүтті/ сүтті-етті және етті-сүтті бағыттағы асыл тұқымды бұқанын тұқымын сатып алуға.

– Бұл өз кезегінде ауылдық жерлердегі атақасіпмен айналысатын ауыл шаруашылығы кооперативтерінің дамуына мүмкіндік береді.

Субсидия алуға өтінім қабылдау subsidy.plem.kz ақпараттық жүйесі арқылы әр жылдың 20 қаңтары мен 20 желтоқсаны (өтінім сатып алынған сәттен бастап он екі ай ішінде беріледі)) аралығында жүргізіледі.

Атырау облысы ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы

«Жигермунайсервис» ЖШС өндірістік алаңының 2026–2035 жылдарға арналған шығарындылары бойынша қоршаған ортаға әсері туралы Декларация жобасы бойынша жариялап талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен www.nbd.ecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ескертулер мен ұсыныстар 18.12.2025 ж. бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады.

Тапсырыс беруші: «Жигермунайсервис» ЖШС, Атырау к., Бірлік с., Телесмунара өндірістік аймақ, 19 құрылым БСН 001240001592, тел.: 87122762538, 762543.

Жобаны әзірлеуші: «ЭкоНорматив» ЖШС Атырау к., Сәтпаев к-сі, 5, БСН 99084000032, тел.: 210628.

«Ломбард ZHANA» ЖШС сатылып алынбаған кепілдендірілген мүлікке 2025 жылғы 24 желтоқсанда сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін саудасаттық голландық әдісімен өткізілетін аукцион мына мекен-жай бойынша жүргізілетінін хабарлайды: Атырау қаласы, Мұса Баймұханов көшесі, 3 үй, 1 кенсе; accountant@zolotoiyo.kz; 8(775) 387-71-98.

«Ломбард ZHANA» ЖШС сатылып алынбаған кепілдендірілген мүлікке 2025 жылғы 26 желтоқсанда сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін саудасаттық голландық әдісімен өткізілетін аукцион мына мекен-жай бойынша жүргізілетінін хабарлайды: Атырау қаласы, Мұса Баймұханов көшесі, 3 үй, 1 кенсе; accountant@zolotoiyo.kz; 8(775) 387-71-98.

Атырау облыстық кардиологиялық орталығының ұжымы директор Джумағалиева Сандуған Борисовнаның әкесі **Джумағалиев Борис Бақтыгерейұлының** қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғырып, көңіл айтады. Марқұмның жаны жәннатта, иманы саламат болсын.

«Мұнай-газ кешенінің ардагерлері» Республикалық қоғамдық бірлестігінің мұнай-газ саласы ардагері **Нартай Жексенғалиевтің** қайтыс болуына байланысты туысқандары мен жанұясына қайғырып көңіл айтады. Марқұмның иманы саламат болсын, Алла алдынан жарылап, пейішше нұры шалқысын.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің педагогикалық ұжымы Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының ардагер ұстазы, қазақ тілі білімінің жанышары, саналы ғұмырын жас ұрпаққа тәрбие мен білім беруге арнаған білікті педагог **Макеев Аманжол Сисекенұлының** өмірден озуына байланысты отбасына, туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Атырау

Газет 1923 жылғы сәуірдің 1-нен шыға бастады

МЕНШІК ИЕСІ:
«АТЫРАУ-АҚПАРАТ» ЖШС
Бас директор
Нұрболат ЕЛЕУСІНОВ
Бас редактор **Назарбек ҚОСШИЕВ**

Бас редактордың қабылдау бөлмесі – 45-86-43.
Бас редактордың орынбасары – **А.Базарбаев**
Жауапты хатшы – **Д.Мұхамбеталиев**

«atr.kz» сайтының редакторы – **А.Қурмашева,** тілшілер – **Е.Қалижан, Т.Еркем**

Арнаулы тілші – **М.Қуанышева,** экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері: шолушы – **А.Сабырова,** аға тілші – **Д.Аруев,** қоғамдық-саяси және өлеуметтік-мадени мәселелер: шолушы – **Р.Өлеуали,** экология және құқықтық мәселелер: шолушы – **А.Қабдол,** аға тілші – **М.Ергали**

фототілші – **Е.Алтыбаев**
Корректорлар: **Э.Әбілқайырова, А.Шомажанова.**
Компьютер цехы:
бет құрушылар – **С.Рамазанова, А.Жолдыбаева.**
Іс жүргізуші: **Т.Тайтекова,** теруші: **К.Елеусинова**

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылы 22 желтоқсан күні қайта тіркеліп, мерзімді баспасөз басшылығы, ақпараттық агенттігінің және желілік басшылығы қайта өспеке қою туралы **№КЗ629УР00084467** куәлігі берілген. Басшылық «Құрмет Белгісі» орденімен, республикалық «Аманат» сыйлығымен марапатталған.

МЕНКЕ-ЖАЙМЫНЫ:
060005, Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29а үй.
Электронды пошта: e-mail: atyrau_gazeti@mail.ru

*Газет «Атырау» газетінің компьютер цехында теріліп, беттеледі.
*«Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды.
*Авторлар жарияланымдарында пікірлер редакцияның түпкілікті көзқарасы болып танылмайды. Қолжазбалар өңделеді және авторға қайтарылмайды.
*Мақалалар коммерциялық негізде басылды деген белгі.
*Жарнамалар мен хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бербейді.

Индекс: 65424 Атырау 1 рет шығады.
ТАРАЛЫМЫ: 3430 дана
Немірдің кезекшілері:
А.Сабырова, А.Қабдол
А.Жолдыбаева, Э.Әбілқайырова